

**«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған
Тутинова Нургуль Ерманатовнаның
«Әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни фактор (Қазақстан
мысалында)» атты диссертациялық жұмысына ресми**

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Қазақстан Республикасының нәтижелі экономикалық, саяси және рухани жаңғыруының басты шарттарының бірі оның бірлігі мен тұтастығы болып табылады. Осыған байланысты біздің көпұлтты және көпконфессиялы еліміздің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, интеграциясына нұқсан келтіретін әлеуметтік шиеленіс пен қақтығыстардың өсуіне ықпал ететін факторларды зерделеу аса маңызды болып отыр.

Қақтығыстарды, соның ішінде діни негіздегі әлеуметтік қақтығыстарды зерттеу ерекше теориялық және тәжірибелік мәнге ие. Қақтығыстарда діни фактордың болуы оларды қиындатады және шиеленістіреді. Діни фактор дінге сенушілерді біріктіріп, топтастырып, оларды төзімділікке, жанашырлық пен қайырымдылыққа шақырып қана қоймай, өкінішке орай, оның шектен тыс, радикалды көріністері адамдарды бір-біріне қарсы қойып, фанатизмді, төзімсіздікті, олардың арасындағы араздықты тудыруы да мүмкін.

Әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторларды жан-жақты зерттеу қажеттілігі осы феноменнің күрделілігімен және көп қырлылығымен, ішкі конфессиялық және конфессияаралық қатынастарға, әлеуметтік-мәдени ортаға әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың көптігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты диссертациялық жұмыс осы бағыттағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Ұсынылған диссертациялық жұмыста діни фактордың әлеуметтік-мәдени қақтығыстардағы рөлі мен орны, оның қоғамның барлық салаларына әсері жүйелі түрде қарастырылады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Бірінші нәтиже. Конфликт-түсінігінің ұғымдық-категориялық мәні ашылды, «діни конфликт» ұғымына ғылыми анықтама жасалынды, діни конфликтінің концептуалдық негіздері, соның ішінде, конфликтінің құрылымдық түрлері анықталды.

Екінші нәтиже. Әлеуметтік-мәдени конфликтілерді тудырушы факторларды зерттеу барысында конфликтілердің типологиясы жасалынып, олардың нысандары талданды.

Үшінші нәтиже. «Этнос», «Құндылық», «Өркениет конфликтілері» ұғымдарына қазақ тілінде талдаулар беріліп, ара жігі ажыратылып, әрбіреуіне талдау жасалды.

Төртінші нәтиже. Өркениет факторының әсерінен пайда болатын конфликттер бүкіл жаһанданған әлемнің әлеуметтік-мәдени кеңістігін қамтиды және батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік арасындағы, жаһандану қаупі мен дәстүрлік ұстаным арасындағы, техногендік өркениет пен әлемнің мәдениеті арасындағы қарама-қайшылықтары айқындалды.

Бесінші нәтиже. Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер талданды және оған ықпал еткен дін факторы нақты айқындалды.

Алтыншы нәтиже. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни факторлардың алдын алу және реттеуге қатысты мемлекеттік тәжірибе сарапқа салынып, ұсыныстар жасалынды.

Жетінші нәтиже. Жастар арасында этникалық және діни сәйкестіктегі толеранттылық факторларын мәдени-әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық негізделген, практикалық тұрғыда қарастырылған, сонымен толық қорытынды жасалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Диссертациялық ізденіс барысында алынған нәтижелердің дәлелдігі конфликтілерге баса назар беріліп, әлеуметтік-мәдени құндылықтар саласына арналған көптеген теориялық еңбектерді және эмпирикалық мәліметтерді қолдану негізінде дәйектелген.

Екінші ғылыми нәтиже. Әлеуметтік-мәдени конфликтілердің классификациясына этникалық, діни және өркениет факторларының ықпалын айқындайтын көрсеткіш екенін салыстырмалы дінтанулық зерттеуден өткізген.

Үшінші ғылыми нәтиже. Шешуді талап ететін әлеуметтік мәселенің туындауына байланысты нақты әлеуметтік жағдайда қалыптасатын әрі шешілетін жағдайларды әлеуметтік конфликтіге жатқызуға болады. Ол белгілі бір себептері, өзінің әлеуметтік тасымалдаушылары (жіктер, ұлттар, әлеуметтік топтар және т.б.) бар, белгілі бір функцияларға, ұзақтығы мен шиеленісуге ие. Әлеуметтік-мәдени конфликтілердің классификациясына этникалық, діни және өркениет факторларының ықпалынның біраз шетелдік, сонымен бірге біршама отандық зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, нақтыланып, қарастырылған болатын.

Төртінші ғылыми нәтиже. Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер динамикасы қарастырыла отырып, тәуелсіздіктен бергі жылдардағы әлеуметтік-мәдени ортадағы негізгі конфликтілерге атап айтқанда, әлеуметтік теңсіздік, ұлтаралық қақтығыстар, субмәдениеттер, тіл және т.б. көрсетті.

Бесінші ғылыми нәтиже. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта кең етек алып отырған дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілер негізінен мына салаларға ықпал етіп, түрлі конфликтілердің

туындауына жол ашылу жолдары: білім, спорт, өнер, мәдениет, құқық, денсаулық, мемлекеттік басқару, мүліктік қатынастар, неке-отбасы сараланып, жақсы ашып, көрсете білді.

Алтыншы ғылыми нәтиже. Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілер Иегова куәгерлері, Саентология, Салафиттер, Хизб-ут-Тахрир, Зікіршілер секілді дәстүрлі емес діни ағымдардың және ұйымдардың ықпалы болғанын нақты көрсете білді. Терроризм, экстремизмге қарсы, діни наным сенім бостандығы және діни бірлестіктер, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңдар қабылданды. Мемлекеттің дін саясатын жүргізудегі тұжырымдамасы іске қосылды. Бұған қоса, әлеуметтік желілерде мониторинг, дінаралық диалог, толеранттылық, ұлттар татулығы әрдайым ішкі саясатта дамытуға және қалыптастырудағы рөлі анықталған. Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу бағытында бірқатар шаралар көрсетілген.

Жетінші ғылыми нәтиже. Жастар арасында этникалық және діни сәйкестіктегі толеранттылық факторлары, мәдени-әлеуметтік зерттеу жұмыстары зерттеліп, нәтижелері көрсетілді. Диссертациялық жұмыста жастар арасында жүргізілген сараптамалық сауалнама нәтижелері дәйекті және әлеуметтік талдау әдісімен негізделген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Конфликт мәні бойынша нақты (мәндік), анық мәні бар және нақты мәні жоқ немесе тек бір тарап үшін өмірлік маңызы бар мәнді нақты (пәндік) конфликттерді ажыратады. Бұған қоса, діни конфликттердің басым бөлігі жататын түрлерді атап қарастырған.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Әлеуметтік-мәдени конфликтілер көрініс табатын нысандары ретінде мына жағдайларды талдап, айқындалған.

Үшінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Әлеуметтік-мәдени конфликттерді тудыратын факторларды зерттеу объектісі ретінде айқындаған, діни фактордың әсерінен туындайтын конфликтілер астарында негізінен түрлі діндер арасындағы конфликттер, не дін мен мемлекет арасындағы қайшылықтар, не конфессия ішіндегі қайшылықтар жататынын жан-жақты зерттелген. Өркениет факторының әсерінен пайда болатын конфликттер бүкіл жаһанданған әлемнің әлеуметтік-мәдени кеңістігін қамтитынын, батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік арасындағы, жаһандану қатерлері мен дәстүрлі ұстанымдары арасындағы, техногендік өркениет пен әлемнің мәдениеті арасындағы қарама-қайшылықтан тұратынын саралады.

Төртінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Қазақстан Республикасында орын алған әлеуметтік-мәдени конфликтілер динамикасы қарастырыла отырып, тәуелсіздіктен бергі жылдардағы әлеуметтік-мәдени ортадағы негізгі конфликтілерге талдау жасалды, атап айтқанда, әлеуметтік теңсіздік, ұлтаралық конфликтілер, субмәдениеттер, тіл және т.б.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Қазақстан Республикасында дін факторының ықпалымен туындаған әлеуметтік-мәдени конфликтілерді талдады. Дін факторы негізінен мына салаларға ықпал етіп, түрлі конфликтілердің туындауына жол ашқан: білім, спорт, өнер, мәдениет, құқық, денсаулық, мемлекеттік басқару, мүліктік қатынастар, неке-отбасына әсері анықталған.

Алтыншы ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Қазақстан Республикасында әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу және дін факторы зерделенген. Қазақстан жағдайында діни негізде әлеуметтік-мәдени конфликтілердің алдын алу жолдары ретінде қабылданған заңдар: терроризм, экстремизмге қарсы, діни наным сенім бостандығы және діни бірлестіктер, діни қызмет және діни бірлестіктер және мемлекеттің дін саясатын жүргізудегі тұжырымдамасы, оған қоса, әлеуметтік желілердегі мониторинг, дінаралық диалог, толеранттылық, ұлттар татулығы секілді мемлекет саясатына талдау жасалды.

Жетінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Жастар арасында этникалық және діни сәйкестіктегі толеранттылық факторларын мәдени-әлеуметтік зерттеу жұмыстарында жастар ортасында қос тілділігіне қатысты төзімділігі, этноконфессиялық топтардың басқа да этникалық, этноконфессиялық топтарға және олардың өкілдеріне толерантты қатынасы, өзге діндерге құрметпен қарайтындығы анықталды.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Осы диссертациялық зерттеудің қорытындылары барлық мүдделі ресми органдарға мемлекеттік этноконфессиялық саясатты жетілдіру, діни негіздегі конфликтілерді болдырмау үшін пайдалы болады. Кейбір ережелер дінтану саласындағы ғылыми-гуманитарлық бағытты қалыптастыруда қолданылады. Жеке нәтижелер Дінтану, Конфликтология, Мәдениеттану пәндерін оқытуда тиімді пайдаланылуы мүмкін.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілігіне растама.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 18 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 2 ғылыми мақала, ҰҒА-ның «Әл-Фараби» журналында – 1 ғылыми мақала, ҚазҰУ-нің «Дінтану» журналында – 1 мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында – 6 мақала, Республикалық конференциясында – 1 мақала, шетелдік баспа журналында (Ұлыбритания мен Өзбекстан) – 2 мақала, Scopus нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми жуналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 3 ғылыми мақала басылып шықты.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелеріне жалпы оң баға беруге болады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми маңыздылығын мойындай отырып, ізденушінің назарын келесі олқылықтарға аударғым келіп отыр:

1. Диссертациядағы зерттеудің толықтығы үшін «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламаны» пайдаланған жөн.

2. Қарастырылған кейстерден кейін, сондай-ақ параграфтардың соңында өзінің жеке авторлық қорытындылары мен тұжырымдарын нақтылап айқын көрсету қажет.

3. Диссертацияның мәтінін абзацтарға бөлу арқылы анық құрылымдау қажет.

4. Жұмыста кей жерлерінде баяндау стилі, қайталаулар, өте ұзақ сөйлемдер, грамматикалық, техникалық қателер бар.

Алайда аталған кемшіліктер Н.Е. Тутинованың зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесін, сапасын төмендетпейді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант Н.Е. Тутинованың «Әлеуметтік-мәдени конфликтілердегі діни фактор (Қазақстан мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс теориялық-әдіснамалық жоғары деңгейде орындалған.

Тутинова Нургуль Ерканатовна «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Академиясының профессоры,
философия ғылымдарының докторы, доцент

Г.Ж. Жұманова

2020 ж. «07» 07



Қолын растаймын:
ҚР ҰҚК Академиясының
секретариат бастығы *Ақсау*
2020 ж. «07» шілдесі